



Шымкент қаласы білім бөлімінің
№53 «Ер-Асыл» бөбекжай бақшасы МКҚК

Ересектер «Раушан» тобы

Ашық ұйымдастырылған оқу-қызметі

Тақырыбы: «Қасқыр мен кісі» ертегісі

Тәрбиеші: Усипбекова А.Қ.

2021ж



Білім саласы: «Қатынас»,»Шығармашылық»

ҰОК: Көркем әдебиет, мүсіндеу

Тақырыбы: «Қасқыр мен кісі» ертегісі

Мақсаты: Балаларды ертегі мазмұнымен таныстыру. Ертегі кейіпкерлеріне сипаттама беру, жануарлар туралы білімдерін тиянақтау. Тілдерін дамыту, жақсы, қайырымды істер жасауға баулу. Ойлау қабілеттерін дамыту, халық ауыз әдебиетіне қызығушылығын арттыру. Жануарларға деген қамқорлыққа, еңбексүйгіштікке және бір-бірімен достық қарым-қатынаста болуға тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдер: сұрақ-жауап, әңгімелеу, ойын, сахналау, қайталау.

Қажетті құрал-жабдықтар: ғажайып қорап, сиқырлы айна, сахналау көрінісі, ағаштар, бидай, ойын құралдары, проектор, тұзды қамыр, тақтайша, сулық, т.б.

О/к кезеңі	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың қызметі
Ұйымдастырушылық-қозғаушы	<p>Күннің көзі ашылар, Әлемге нұры шашылар. Сәлем-сөздің анасы, Қош келдіңіз қонақтар! -Балалар, сендер таңертең бақшаға келе жатқанда күліп келесіңдер, солай ма? Ендеше аналарың сендерге күні бойы көңілді болып жүрсін деп «күлкі» сыйлап кетіпті. Сол күлкіні көру үшін менде ғажайып қорапта сиқырлы айна бар. Айна бізге көңілді болып жүруге көмектеседі. Ендеше бір-бірімізге әдемі күлкімізді сыйлайық. Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік. Қабак түйген не керек? Көңілді болып жүрейік. -Ал, енді айнаға қарап, бір-біріңе күлкілеріңді сыйландар. Күлкінің дыбысы естіледі.</p>	<p>Өлеңді бәрі бірге қайталайды. Қонақтармен сәлемдеседі.</p> <p>-Ия</p> <p>Шаттық шеңберін құрады.</p> <p>Бәрі айнаға қарап күліп, жымияды.</p>
	<p>Есік қағылып, топқа бұлаңдап түлкі келеді. Түлкі: -Сәлеметсіңдер ме, балалар. -Сәлеметсің бе, түлкіжан. Түлкі: -Мен сендердің күлкілеріңді естіп, сендермен бірге көңілді болып жүрейін деп келе жатырмын. Мені қатарларыңа</p>	<p>Түлкімен сәлемдеседі.</p>



<p>шығарсың. Біздің балалармен бірге болғың келе ме?</p> <p>Қасқыр: -Ия, кешіріңдерші мені. -Ендеше, сен де бізге бір өлең айтып бере ғой.</p> <p>Қасқыр: Мен көкжал қасқырмын, Қойшыны да састырдым. Аш болсам ұлимын, Аңшыдан қорқамын. -Балалар, енді ойын ойнағыларың келе ме? -Олай болса «Көлеңкесін тап» дидактикалық ойынын ойнаймыз. Алдымен жұмбақты шешіп алу керек. Табылған жауаптағы аңдарды өз көлеңкесіне қояды.</p> <p>Жұмбақ: Үсті толы ине, бірақ та іс тігіп, Қадамайды түйме.</p> <p>Қаймықпайды күшті аңнан, Қорқады тек тышқаннан.</p> <p>Сұрғылт тартқан түсі бар, Ақсиган тісі бар.</p> <p>Өзі ширақ, өзі қу, Жүрген жері айғай-шу.</p> <p>Сылдырдын қорқады, Шошынып жортады.</p> <p>Суда өмір сүреді, Сусыз жерде шөлдейді.</p> <p>Аңдардың бәрін қорқытқан, Аң патшасы.....</p> <p>Тәтті көрсе бас салар, Айнымайды баладан.</p> <p>Секіреді бұтақтан бұтақтарға, Өзі құмар жаңғаққа.</p> <p>Кішкен ғана бойы бар, Айналдырып киген тоны бар.</p>	<p>-Ия, ойнаймыз.</p> <p>Кірпі</p> <p>Піл</p> <p>Қасқыр</p> <p>Түлкі</p> <p>Қоян</p> <p>Балық</p> <p>Арыстан</p> <p>Аю</p> <p>Тиін</p> <p>Қой</p>
--	---



<p>қосасыңдар ма? -Ай,қу түлкі,сен жай келмеген шығарсың?Сен барлық жануарларды алдап,енді біздің балаларды алдай алмайсың.Бар,өз жөніңе кете бер. Түлкі:-Жооқ,сен ешкімді алдаған жоқпын. -Айтыңдаршы,балалар?Түлкі кімдерді ,нелерді алдап еді?Қане,есімізге түсірейікші? Проектордан түлкі жайлы ертегілердің суреттері көрсетіледі. -Жарайсыңдар,сендер көп ертегі біледі екенсіңдер. Түлкі:-Кешіріңдерші балалар:Мен енді ешкімді алдамаймын.Маған бір мүмкіндік беріңдерші? -Балалар,түлкіге бір мүмкіндік береміз бе? Түлкі:-Рахмет, балалар. -Олай болса,түлкіжан сен біздің бүгін қонағымыз бол.Біз бүгін ашық оқу қызметін өтейін деп жатырмыз. Тақырыбы: «Қасқыр мен кісі»ертегісі. -Балалар,қане түлкімен бірге бойымызды сергітіп алайық. -Әуенмен түлкінің жүрісін салып көңілденіп алайық. -Ал, енді ертегіні тамашалайық. «Қасқыр мен кісі»ертегісінің қойылымы көрсетіледі. -Ертегі қызық па екен? -Егінші ата,сіз егін орып шаршаған шығарсыз,бір мезгіл дем алып,отырыңыз төрге шығыңыз. Егінші:-Жарайды,дем алсам тынығып қаламын.Әлі жұмысым көп. -Түлкі,сен бүгін үлкен жақсылық жасадың.Енді өзің жайлы бір тақпақ айтып берші. Түлкі:Мен түлкімін,түлкімін, Ашық ауыз аңқауды Күлкіменен арбаймын, Қулығыммен алдаймын. -Жарайсың,рахмет,балалармен бірге отыра ғой. -Ал, қасқыр,сен өз қателігіңді түсінген</p>	<p>-Жооқ</p> <p>Бауырсақты алдап жеп қойды Қасқырды алдады,ешкіні алдады,арыстанды да алдады.</p> <p>-Ия,жарайды.</p> <p>Музыкамен түлкінің жүрісін салып бой жазып алады.</p> <p>Ертегіні тамашалайды.</p> <p>-Ия</p>
---	---

	<p>-Жарайсындар,сендер өте ақылдысындар.</p> <p>-Балалар,енді сендер егінші атаға өзі еккен бидайынан жасалған қамырдан әртүрлі нан өнімдерін мүсіндеп бере аласындар ма?</p> <p>Шығармашылық жұмыс</p> <p>Тұзды қамырдан әртүрлі пішіндерді мүсіндеуге болатынын түсіндіре отырып көрсетіп беремін.</p> <p>Балалардың мүсіндеген қамырларынан бауырсақ,печеньелер пісіріп әкелуді түлкіге ұсынамын.</p> <p>-Ал,балалар,шаршаған шығарсындар,енді «Аңдар» биінебой жазу жаттығуын жасап көрейік.</p> <p>Сергіту сәті: «Аңдар »биі</p> <p>Егінші балаларға алғысын айтып,бата береді және қоржынынан асыл сөзін шығарып,тәрбиешіден балаларға оқып,үйретуді сұрайды.</p> <p>Асыл сөз: «Ас атасы-нан»</p>	
<p>Жетекші-жөндеуші</p>	<p>Түлкі қамырдан әртүрлі печеньеелер пісіріп әкеліп,балар мен қонақтарға таратып шығады.</p> <p>Қорытынды сұрақтар:</p> <p>-Балалар,бүгін біз қандай ертегімен таныстық?</p> <p>-Қонаққа кімдер келді?</p> <p>-Қандай ойын ойнадық?</p> <p>-Қандай мақал жаттадық?</p> <p>-Қамырдын не жасадық?</p> <p>-Тағы не істедік?</p> <p>-Жарайсындар,балалар,сендер бүгін өте жақсы қатыстындар,рахмет сендерге!</p>	

Күтілетін нәтиже:

Біледі:Ертегілерді тыңдайды,кейіпкерлерге сипаттама береді,жануарлардың қимылын сала біледі;

Игереді:Жануарлар жайлы жұмбақтарды шешуді,жануарларға еліктеушілік қабілеттері артады;

Меңгереді:Ертегінің мазмұнымен таныса отырып ондағы егіншінің адалдығын,еңбекқорлығын түсінеді,нанның қадірін түсінеді.

№53 «Ер-Асыл» бөбекжай бақшасы

Ересек «Раушан» тобы

Ашық ұйымдастырылған
оқу қызметі
Тақырыбы: “Біз бақытты
баламыз”



Тәрбиеші: Усипбекова А

Қалтаева А

Шымкент қаласы

2020-2021 оқу жылы

Біз-бақытты баламыз!

Білім саясаты: «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет»

Мәселелер: Дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, математика
бейнелерін құрастыру, сурет салу, жапсыру, қоршаған ортамен танысу,

Мақсаты: Балалардың білімдерін тиянақтау, тілін, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Сөздік қорларын молайту, ертегі желісіне сүйене отырып, сұрақтарға жауап беруге машықтандыру. Достыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Көрнекілік: проектор, атрибуттар, үй және дала құстарының бейнелері (фетрден), ойын элементтері. Көктем бейнесі, магнитті тақта, ағаш, бояулар, т.б.

Оқу кезеңі	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың қызметі
Ұымдастырушы-қозғаушы	<p>Шаттық шеңбері:</p> <p>Нұр шашып әлемге, Арайлап таң атты. Жадырап күніміз, Жер-көкті оятты. Қайырлы таң, қонақтар! Қайырлы күн, достарым!</p> <p>-Қане, балалар, бәріміз күн сәулесінен қуат алып, бір-бірімізге жылы лебіздерімізді білдірейік.</p> <p>-Жарайсындар, балалар! Айтқандарың келсін!</p> <p>-Ал біз бүгін жыл бойына алған білімдерімізді көрсетейік.</p> <p>-Бүгінгі көңіл-күйлерің қалай?</p> <p>-Олай болса, бәріміз «Көктем» сөздік ойынын ойнап алайық. Мен «көктем» дегенде, сендер көктемдегі болатын өзгерістерді атайсындар (күн, бұлт, бәйшешек, жаңбыр, жел)</p>	<p>Балалар шаттық шеңберін жасайды. Өлеңді бәрі бірге қайталайды.</p> <p>-Аспанымыз ашық болсын!</p> <p>-Мейірімді болайық!</p> <p>-Деніміз сау болсын!</p> <p>-Балабақшамыз көркейе берсін!</p> <p>-Ата-анамыз аман болсын!</p> <p>-Керемет -Жақсы</p>

-Балалар, сендер қандай ертегілерді білесіңдер?

-Жарайсыңдар. Алдымызда тұрған қандай ертегінің суреті екен?

-Ендеше біз бүгінгі ашық оқу қызметінде «Мақта қыз бен мысық» ертегісінің кейіпкерлеріне саяхатқа шығамыз. Ол үшін көзімізді жұмып, үш рет айналамыз.

-Ерте. ерте, ертеде Мақта қыз бен мысық болыпты. Қыз үйін сыпырып жүріп мейіз тауып алыпты. Мейізді мысығына бермек болып мысығын шақырады. Мысығы келмеген соң мейізді өзі жеп қояды. Мысық қыздан не үшін шақырғанын сұрап, қыз ештеңе айтпаған соң қатығын төгіп тастайды.

-Қыз ашуланып не істейді?

Мысық қатық іздеп жолға шығады. Ол алдымен неге келеді?

Сиыр: -Менің тапсырмам бар, соны орындасаң ғана сүт беремін.

1-тапсырма: Үй жануарларын және олардың төлдерін атаңдар?

2-тапсырма: Үй жануарларынан не алынады?

Сиыр: -Саған сүт берер едім, бірақ қарным ашып тұр. Маған жапырақ әкеп берші, -деп жалынады.

-Мысық енді неге барады?

Мысық: -Тал, тал, маған жапырақ берші, сиырға беруім керек, -дейді.

-Балалар, алдымен талдың тапсырмасын орындауымыз керек. Мысыққа көмектесеміз бе?

1-тапсырма: Қыста ағаш жапырағының түсі қандай болады?

2-тапсырма: Менің бұтағымда қандай құстар бар екенін айтыңдар және олардың саны қанша?

-Жарайсыңдар, балалар, ал осы құстар жайлы кім тақпақ біледі?

«Бауырсақ», «Үш аю», «Мақта қыз бен мысық», «Қасқыр мен жеті лақ», «Шалқан», «Қасқыр мен қой»

«Мақта қыз бен мысық» ертегісі

-Мысықтың құйрығын жұлып алады.

-Сиырға

Сиыр, жылқы (ат), қой, ешкі, түйе, ит, мысық

Сиырдың төлі - бұзау, қойдың төлі - қошақан, ешкінің төлі - лақ, түйенің төлі - бота, жылқының төлі - құлын, иттің баласы - күшік, мысықтың баласы - марғау.

-Сүт, ет, май, құрт, терісі, жүні.

-Ағашқа

-Ия, көмектесеміз.

Қыста жапырақ болмайды.

Қарлығаш, қарға, бүркіт, көгершін, торғай (5)

Адия: Торғай, торғай, торғайсың, Таяу келіп қонғайсың.

Дән шашайын теріп ал, Суыққа сонда тоңбайсың.

Имран: Құстар, құстар келеді, Жерді шуға бөледі.

Көктем болды деп бізге, Жақсы хабар береді.

Мариям:

Күнде аспанға қараймын.



Жетекші- жөндеуші	<p>-Балалар,біз бүгін нелер туралы өттік? -Қандай құстарды еске түсірдік? -Қандай ойындар ойнадық? Қандай кейіпкерлерге саяхат жасадық? Сендерге оқу қызметінде не ұнады? -Жарайсыңдар балалар,сендер бүгін оқу қызметіне белсенді түрде қатыстыңдар,рахмет сендерге!</p>	<p>Балалар сұрақтарға жауап беруге тырысты. Оқу қызметінен алған әсерлерін ортаға салды. Оқу қызметіндегі ойындардың ұнағанын айтты.</p>
------------------------------	--	--

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Үй жануарлары мен құстарын,дала құстарын,көлік түрлерін атайды;

Игереді:Ертегі кейіпкерлеріне сипаттама бере алады;

Меңгереді:Қиын сәтте бір-біріне қол ұшын бере білу дағдысы жетіледі.

Шымкент қаласы
№53 «Ер -Асыл» бөбекжай- бақшасы
Ересек «Раушан» тобы

Тақырыбы:

Мейірім толы жүрегім!

Тәрбиеші: Калтаева А

2021-2022 жыл



Тақырыбы; Мейірім толы жүрегім.

Мақсаты: Мирімділік адамның жоғарғы адамгершілік белгісі ретінде бүкіл тыныс тіршілігін, жан дүниесін жадырататын аса маңызды қасиеттердің бірі болып табылады.

Сәлемдесу; Сәлеметсіздерме құрметті әріптестер бүгінгі өзін өзі тану оқу қызыметінен ұйымдастырылған, Мейірім толы жүрегім атты тренигіме қош келдіңіздер.

Күн нұрындай көңілім
Даламдай кеңпейілім
Жүрегім толы мейірім
Бәріне ортақ шуағым
Мейірімді боламын

Мейірімділік адамдардың жанын жылытатын күннің көзі .

Мейірімділік адамның өзге біреуге жылулығын, ізгі ниетін лебізін білдіру көрінісі, мирімділік адамдар арасындағы сипастық ,кең пейілділік, жанашырлық ізгі ниет қасиеттеріне негізделген.

Ал мирімділік махаббат қайырымдылық адалдық секілді ақ жүректен шығады ,олай болса қазір барлықтарыңызды мынандай әдемі мирімділік шеңберге шақырамын .

Мен сіздерге жүрекше тәрізді тілек шамдарын үлестіремін .

Осы қолдарыңыздағы тілек шамы ,осы мирімділік тілек шамын жағамын ,сіздер барлықтарыңыз жүрек жарды тілектеріңізді бір ауызбен ,бір сөзбен айтып шығамыз шамға қарапайтуға болады, бұл тек өздеріңіздің қалауларыңыз.

Рақмет қандай керемет тілектер , мирімге толы тілектер орындала берсін деген оймен әрмен қарай тренигімізді жалғастырамыз.

Миірім құбыр атты ойынымызды ойнайық. Мен сіздердің қолдарыңызға ақ парак үлестіремін біз осыдан құбыр жасаймыз ,бұл ойынның мақсаты құбырымыздан басқа арнаға су ағып кетпеуі керек , біздің ұжымымыздың қаншалықты дәрежеде ұйымшыл , бір біріне деген миірімділіктері қандай негізгі мақсаты осы.

Қанекей барлықтарымыз құбырды жақсылап жасап алсақ, осы құбырларыңыздан

әдемі тұнық суды ағызуды бастаймын ,осы мөлдір су ,тұнық су 105 Елгезек бөбекжай бақшасына арналған , бұндай миірімділік тұнық суының тек біздің бақшамыздан ағады.

Сіздерге көп көп рақмет олай болса әріқарай біз бүгінгі негізгі мақсатымызға көшіік,

негізгі мақсатымыз көрме болатын , біз көрмемізді ұйымдастырамыз бұл жерде жасалынатын көрме өздеріңіздің қолдарыңыздан шығады .

Қазір құрметті әріптестер екі топқа бөлінеміз менің оң жақ тұсыма және сол жақ тұсыма, міне сіздерге екі плакат беріледі , алдарыңызда түрлі түсті бояулар тұр,осы бояулармен мейірім толы жүрегім атты сурет саламыз бұл біздің көрмеміз ,сіздерді қандай миірімге толы жүректеріңізді салған суреттеріңізге қарап байқаймыз .

Енді салған суреттеріңізді қорғап шығамыз .

Құрметті әріптестер сіздерге керемет бір тосын сиым бар барлықтарыңызды ортаға шақырамын . Ақ құсымызға ақ тілегімізді арманымызды айтайықшы , сіздер қандай тілек тілер еддіңіздер осы ақ құсымызға ақ тілегімізді айтып әуеге ұшырып жберіік .

Айтылған тілектеріміз орындала берсін , Ақ құсымызды әуеге ұшырып жбереміз.



Шымкент қаласы
№53 «Ер - Асыл» бөбекжай- бақшасы
Ересек «Раушан» тобы

Тақырыбы:

Қыста қандай қызық бар!

Тәрбиеші: Калтаева А

2020-2021 жыл



Ашық ұйымдастырылған іс-әрекет

Білім беру саласы: Денсаулық, Қатынас, Таным, Әлеумет, Ғылым, Мамандық

Білім беру бөлімдері: Тіл дамыту, Қоршаған орта, Айналамен таныстыру, Сенсорика, Көркем әдебиет, музыка

Тақырыбы: "Қыста қандай қызық бар?"

Мақсаты: Отілген тапсырмаларды неше түрлі ойындар арқылы балалардың алған білімдерін кеңейту, бекіту. Логикалық ойлау қабілетін дамытумен қатар өз дербестігін көрсете білуді және баланың дүниетанымын, байқампаздығын дамыту.

Көрнекіліктер: Жыл мезгілінің суреті, үй жануарларының суреті. Мантикорий элементтері мен түрлі қысқыштар мен түетер.

Іс әрекеттер

*Қызықтырушылық
-мотивациялық*

Педагогтың қызметі

Сәлемдесу
Шаттық шеңбер
Табиғат біздің анамыз
Табиғатқа баламыз
Иіліп сәлем береміз
Біз әдепті баламыз

Балалардың қызметі

Балалар шаттық шеңберіне тұрып келіп қонақтармен сәлемдеседі.

Іздемпаздық

Ұымдастырушылық

-Балалар терезеге қарайықшы, табиғатта қандай өзгерістер байқалады?

-Қыста күн қандай болады?

-Қыс мезгілінде не жауады?

-Қардан не жасайсыңдар?

- Қыс мезгілінде балалар далада қандай ойын түрлерін ойнайды?

Қыс мезгілі туралы қандай тақпақтарды білесіңдер?

- Қыс мезгілінде қанша ай бар?

- Қыста күн өте суық болады

- Қар жауады

- Аққала жасап

Сырғанап, шаңғы тебеміз.

- Аппнак қылып өңірді Қар жауады,

Қар жауады

Қоңілді балалар

Қызығын секіреді

- 3 ай

- Қыс мезгілінің айдарын атап шығайық?
- Бір аптада неше күн бар?
- Апта күндерін атап шығайық?
- Көкөністер мен жемістерді атап беріңдерші?
- Үй жануарларымен Үй құстарын атап шығайық.

Балалар мен бір дыбыс естіп тұрмын.

Ғажайып сәт

Аққала кіреді.

- Сәлеметсіңдерме балалар,
 - Сәлеметсіздерме қонақтар
 - Балалар мен кімін?
 - Қай мезгілді жасауға болады?
 - Менің денемді, мұрыншымды неден жасаған?
 - Менімен бірге ойын ойнайсыңдарма?
- Кәне балалар қар атысын ойнайық
Тағы да қыста қандай ойын түрлері бар.

Сергіту сәті

**Он жағымда жақсы адам
Сол жағымда жақсы адам
Қарап едім төбеме
Күн көрінді аспаннан
Нұры қандай керемет
Шуағына бөленем.**

Балалар осы нұрын төккен күн нұрын шашып тұрған бейнесін мына қыстырғыштармен қыстырып шығамыз және де шыршаның түсіне сәйкес келетін қыстырғыштарды шыршаға қыстырамыз.

- Желтоқсан
- Қаңтар
- Ақпан
- Бір аптада жеті күн бар
- Дүйсенбі
- Сейсенбі
- Сәрсенбі
- Бейсенбі
- Жұма
- Сенбі
- Жексенбі

- Аққала
- Сәбізден және қардан

- Ия

Балалар сергіту сәтін жасайды.

Күнге және шыршаға сәйкес қыстырғыштарды қыстырады.

*Рефлексивтік-
Түзетушілік*

Қалған балалар қағаздағы
үшбұрыш, төрт бұрыш
пішімдерді жіпке тізіп шығады.
Боялған мақорндарды түстерді
сәйкес жіпке тізеді.

- Сендерге көп рахмет балалар.
Біздің топтың балалары сондай
ақылды алғыр тәртіпті.
Мен сендерге сондай ризамын.
Кәне барлығымыз орнымыздан
тұрып қонақтармен
қолтасамыз.

Балалар өздері жасаған
жұмыстарға риза
болады

Қортындылау
мақсатында қойған
сұрақтарға жауап
береді.
Келген қонақтармен
орындарынан тұрып
қолтасады.

Білуі қажет: Қыс мезгілі туралы, басқа жыл мезгілдерін ажыратуды,
үй жануарлардың атап шығады, жемістер мен көкөністерді атауды

Игеру керек: Айнала қоршаған ортаға баулуға, бір-бірімен жақсы
қарым-қатынаста болуды.

Қабілетті: Балалар түстерді ажырата білуге Монтессорий әлемін
бойынша және суреттермен жұмыс жасауға, ойындарды қызығы ойнауға.

Шымкент қаласы
№53 «Ер -Асыл» бөбекжай- бақшасы
Ересек «Раушан» тобы

Тақырыбы:

Әсем шарлар!

Тәрбиеші: Калтаева А

2020-2021 жыл



Ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті.

Білім беру саласы: Қатынас, Таным, Әлеумет, Шығармашылық.

Білім беру бөлімдері: Тіл дамыту, Көркем әдебиет, Қоршаған ортамен таныстыру, Сенсорика, Жапсыру.

Тақырыбы: «Әсем шарлар аспанда»

Мақсаты: Балалардың шар турвалы білімдерін кеңейту, ойын арқылы түр-түсін ажырата білуге үйрету. Эстетикалық талғамын, танымдық қабілетін арттыру. Шардың әсемдік құралы екенін айта отырып, балаларды әдемілікті сүйе білуге тәрбиелеу.

Көрнекіліктері: Жыл мезгілдерінің суреттері, күн суреті, түрлі-түсті шарлар, доптар.

Іс-әрекеттер	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың қызметі
<p>Қызықтырушылық мотивациялық</p>	<p>Тілек шеңбері. Біз ерекше баламыз Айтқан тілді аламыз Қонақтарды көргенде Қуана қарсы аламыз Сәлем, сәлем, сәлем.</p>	<p>Тілек шеңбері арқылы балалар қонақтармен сәлемдесіп, бір-біріне көтеріңкі көңіл-күй сыйлайды.</p>
<p>Ізденімпаздық Ұйымдастыру-Шылық</p>	<p>-Балалар қарандаршы бүгін біздің тобымыз өте керемет әсем болып кетіпті. Біз қалай әсемдедік? -Демек көптеген мерекелік іс-шараларды өткізгенде біз шарларды қолданамыз. Шар бізге көтеріңкі көңіл күй сыйлайды екен. Яғни шар біздің әсемдік құралымыз. -Балалар біз балабақша қабырғасына келгелі көптеген мерекелік шараларды өткіздік. -Мына жыл мезгілінің суретіне назар аударайық. Бірінші қай мезгіл? -Осы мезгілде қай мерекені атап өттік? Жарайсындар балалар жаңа жылда аяз ата келеді.</p>	<p>Балалар тәрбиешінің айтқандарын тындап сұрақтарына жауап береді. Көптеген шарлар ілдік.</p> <p>Қыс мезгілі Жаңа-жыл, 16-шы желтоқсан.</p>

Енді балалар осы мезгілге
байланысты
тақпақтарымызды еске
түсірейкіші.
Сергіту сәті:
Орнымыздан тұрайық
Екі қолды созайық
Құс боп қанат қағайық
Жоғары төмен қарайық
-Ал енді қыс мезгілінен
кейін қай мезгіл келеді?
Дұрыс айтасындар көктем
мерекесінде аналар
мерекесін, наурыз мерекесін
тойлаймыз.
-Кәне, аналарға арналған
тақпақтарымызды
айтайықшы.
Ғажайып сәт:
«Сайқымазақ» келеді
-Ух жерге әрең дегенде
қондым ғой. Мен
сайқымазақ балалармен дос
болғанды
ұнатамын, балалармен
ойнағанды жақсы көремін.
(әуен ойнатылып желдің
дауысы шығады.)
-Ой балалар ненің даусын
есітіп тұрсындар. Осы кезде
шарға толы қапшық ұшып
келеді
-Мынау не нәрсе бізге мұны
кім жіберді. (желдің дауысы
шығады)
-Мен желмін сендерге мұны
мен жібердім. Бұл
қапшықтың ішінде не нәрсе
бар екенін білу үшін мен
жыл мезгіліне байланысты
жұмбақ жасырамын. Оның
шешуін тапсаңдар
қапшықтағы зат шығады.
Күнде ысып, жеміс пісіп
Шомылуғам барамыз

Қандай суық қыс деген
Қалтырайды құс деген
Құлақшынды кимесең
Құлағыңды тістеген

Балалар сергіту сәтін
жасайды.

Көктем
Балалар аналар мерекесіне
арналған тақпақтарын
айтады.
Мейірімді қымбатты
Мейірбанды сымбатты
Ең жақын жаң адамға
Кім десеңіз ол ана

Сәлеметсіз бе
Дауысты тандана тыңдап
ұшып келген қапшыққа
назарларын аударады.

-Желдің дауысын.

Балалар жұмбақтың шешуін
табады.

	<p>Бөбектерім айтындаршы Бұл қай кезде болады?</p> <p>-Жарайсындар балалар, осы жаз мезгілінің 1-маусым балларды қорғау күні тойланатын мерекесіне арнап мен сендерге осы әсем шарларды жібердім. Сау болындар балалар.</p> <p>Сайқымазақ Мына шарлар жай шарлар емес, тапсырмасы бар шарлар екен. «Түсін таны, санын сана»</p> <p>-Кәне балалар санын санап, түсін ажыратайықшы</p> <p>-Жарайсындар балалар сендер өте білімді екенсіңдер. Мен осы шарларды алып кетсем болады ма.</p> <p>-Жоқ сайқымазақ оны бізге жел сыйға тартқан, далаға серуенге шыққанда өзіміз ойнаймыз.</p> <p>-Біз саған мына тұрған әсем суретке балалар қиылған шарларды жапсырады, соны саған сыйға тартайық. (балаларды екі топқа бөліп, балабақша және қала суреттеріне шарларды жапсыру.)</p> <p>-Балалар кәне шарларды жапсырып болсақ, осы шарлар туралы барлығымыз бірге ән айтып берейік.</p> <p>-Енді балалар менің қайтар уақытым болды, сендердің білімдеріңе, жасаған жұмыстарыңа риза болдым. Сау болындар.</p>	<p>-жаз мезгілі</p> <p>Сау болыңыз жел.</p> <p>Балалар қызығып ойнайды.</p> <p>Хормен шарлар әуенін орындайды. Қызыл, сары, көк шар. Қолымызда көп шар Әуеде қалқиды Әніміз шалқиды. Қызыл, сары, көк шар Қолымызда көп шар Айдаймыз, күндейміз. Уайымды білмейміз Сайқымазаққа жасаған жұмыстарын сыйға тарту етіп қоштасады.</p>
--	---	--

<p>Рефлексивтік-түзетушілік</p>	<p>-Балалар сонымен шар біздің мерекелік шараларымызды көріктендіретін әсемдік құрал екенін білдік. Жарайсындар сендер осы уақытқа дейінгі алған білімдеріңді көрсете алдыңдар –деп балаларды мақтап –мадақтап ұйымдастырылған оқк іс-әрекетті қорытындылау.</p>	<p>Балалар өтілген ұйымдастырылған ақу іс-әрекетінен алған білімдерін қорытындылайды. Келген қонақтармен қоштасады</p>
--	--	--

Білуі қажет: Жыл мезгілдері туралы, оның ерекшеліктерін алған білімдерін ұштастыра біледі. Жыл мезгілдерінде болатын мерекелік іс шараларды біліп жатпаған тақпақтарын айта біледі.

Игеру керек: Балаларды ұқыптылыққа, жинақы таза болуға игеру. Күнделікті іс әрекетке қатысты білімдерін тереңдету. Әсемдікке тәрбиелеу.

Қабілетті: Көркем сөздерді мәнерлеп оқу. Өз ойын жеткізіп айту, қиялы мен зейінін көргенін ұштастыра білу машықтары, зейіні, аңғарымдылығы, қабылдау қабілеттері артады.